

ISSN 1728-7804


Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая

АРХИВТІК
ҚОР



ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

«Филология ғылымдары» сериясы
Серия «Филологические науки»
Series of «Philological sciences»
№ 1 (55), 2016



Алматы

aspect of linguaculturological approach. National language is the main means of transmitting of the people's culture. National coloring of keeping all rites, rituals, traditions and customs at different stages of life of a man from birth to death are described in the article. All spiritual values of culture, traditions, customs of kazakh people are analysed in the epic «The way of Abai» in linguaculturological aspect.

Key words: Linguistics, linguaculturology, language and culture, national language, spiritual values, traditions and customs.

ӘОЖ 378: 804. 81-21

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ТІЛТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Жиренов С. А. -

*Абай ат. ҚазҰПУ қауымдастырылған профессоры м.а.,
филология ғылымдарының кандидаты*

Лексикалық жүйедегі фразеологиялық бірліктер әлемдік тілдердің баршасына тән. Дүниежүзілік тілдердегі фразеологизмдер әрбір тілдің ұлттық ерекшелігін көрсететін бірден-бір көрсеткіш. Сондықтан да жалпы тілдердегі фразеологизмдер кеңінен зерттелу үстіндегі сала. Ал қазақ тілі лексикалық жүйесіндегі фразеологизмдер мен қазақ тілі біліміндегі фразеология саласы да әлемдік фразеология ғылымымен қатарлас жан-жақты зерттелу үстіндегі құбылыс. Қазақ тіліндегі фразеологизмдер жаһандық тілдер жүйесіндегі фразеологизмдермен теңдес категория.

Қазақ тілі біліміндегі фразеологизмдер тілдік табиғаты мен лингвистикалық мазмұны жағынан біршама зерттелген сала. Қазақ тілі фразеологиясы зерттелуі жағынан кеңестік тіл білімі тарихымен сабақтас, түркологиялық деңгейдегі шоқтығы биік ілім. Бұл күндері қазақ тілі фразеологиясының өзіндік жолы мен даму тарихы, өзіндік мекіебі бар іргелі ғылым саласы. Алайда жалпы тілдегі (қазақ тілі немесе әлемдік өзге тілдер) фразеологизмдердің зерттелуін үздіксіз жүретін құбылыс деп тануға болады. Себебі, лексикалық жүйедегі фразеологизмдер заманалар бойы өздерінің сонылығын сақтап, мағыналық мазмұны мен поэтикалық пәрменін күшейтпесе кемімейтін, халық тілінің поэтикалық образды асыл қазынасы болып табылады.

Тірек сөздер: Лексикалық жүйе, тілдік мағына, ауыс мағына, когниция, фраза, идиома, фразеологиялық бірлік, фразеологиялық мағына, т.б.

Бүгінгі таңда әлемдік тіл білімінде, соның ішінде қазақ тілі білімінде фразеология мәселесі жан-жақты зерттелген ғылым саласы. Дегенмен, фразеологизмдердің филологиялық табиғаты түбегейлі зерттеліп болмағандығы анық. Солардың қатарына фразеологизмдердің когнитивтік сипаты зерттеуді қажет ететін аспект деп санауға болады. Қазақ тілі білімінің көрнекті өкілі академик І.К.Кенесбаева өзінің «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты еңбегінде: «Қазақ тілі білімінде, түркологияда, фразеологияның жалпы мәселелері бұл күнге дейін түбегейлі зерттеліп, өзінің тиянақты шешімін тапқан жоқ» - деп, басып айтқан болатын [1]. Жалпы фразеология мәселесі тіл білімінде әртүрлі аспектте қарастырылып, көптеген зерттеушілердің назарын өзіне қаратқаны белгілі. Мәселен, орыс тілі білімінде А.Х.Востоков, Ф.И.Буслаев, А.А.Потебня, Ф.Ф.Фортунатов, А.А.Шахматов, А.М.Пешковский, В. В.Виноградов, А.Н.Коклянова, Л.Архангельский, В.П.Жуков, П.В.Орлов, Х.М.Сайкиев сияқты ғалымдар бірсыпыра еңбектер жазған болса, қазақ тілі білімінде І.Кенесбаева, Ә.Қайдар, Ә.Айтбаев, А.Ысқақов, Т.Сайрамбаев, Н.Уәли, Г.Смағұлова, С.Сатенова, Г.Қосымова, Г.Сағидолда, Р.Авакова, Р.Е.Жайсақова, С.Е.Исабеков, М.Сабитова, С.Жетпісов, Л.С.Войтик, Ж.К.Қонақбаева, Д.Медербеков, С.Н.Мұратов, А.Е.Тажмұратова, М.Т.Тезекбаев, Ф.Р.Ахметжанова, Б.Уызбаева, К.Рыспаева, Г.Боранбаева, Х.Қожахметова, С.Жапақов т.б. көптеген ғалымдар фразеологизмдердің түрлерін, құрамы мен құрылысын, мағыналық жағынан бөліну ерекшеліктерін, грамматикалық сипатын, лексико-семантикалық жағынан ажыратылуын, көркем әдебиеттегі қолданысы мен ауызекі сөйлеудегі қызметін, өзге тілдердегі айырмашылықтары мен ұқсастықтарын, фразеологиялық құбылыс заңдылықтарын анықтауға қатысты әртүрлі аспекттегі зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Г.Н.Смағұлова: «Қазақ тіліндегі фразеологизмдер айналадағы қоршаған орта заттар мен құбылыстарға этнос тұрғысынан баға беру, сипаттау арқылы сол ұлттың ұлттық менталитетін, көзқарасын, дүниетанымын аңғартады» [2, 148 б.], - деген пікірінен әр ұлттың ойлау жүйесінің ұшқырлығы мен танымдық әрекетінің тереңдігін тілдегі тұрақты сөз тіркестерінен байқауға болады. Фразеологизмдердің тілдік және танымдық болмысы бір-бірімен тығыз байланысты. Фразеологизмдердің бойындағы бейнелілікті адамның дүниені тануы мен санасындағы суреткерлік

шеберлігімен байланыстыруға болады. Санадағы тілдік суреткерлік фразеологизмдер арқылы беріледі. Ал ол қолданысқа енгенде поэтикалық мазмұнына жан бітіп, фразеологизмдердің танымдық прагматикасынан эмоционалдық, экспрессивтік, бағалағыштық, стилистикалық, ассоциативті-бейнелілік сипатқа ие болады. Тіл біліміндегі фразеологизмдердің танымдық мазмұны туралы тұжырымдардың барлығы адам санасындағы бейнеленуі мен танымдық әрекетке түрткі болу нәтижелерін талдауға негізделген. Онда адам танымының дүниенің тілдік бейнесін жасау барысындағы тілдік бірліктерді таңдаудағы және мақсатқа жету барысында ақпаратты беру қабілетіне ерекше назар аударылады.

Фразеологизмдер этнос өмірі мен адамның дүниені қабылдаудағы танымдық әлеміне қатысты туындап, өзіне ғана тән рухани, этнотанымдық бояу бедерімен суреттеліп, тіл әлемінде ерекше қолданысқа түсіп, ерекше тілдік бірліктердің бірі болып табылады. Қазіргі лингвистикалық зерттеулер тілді адам ойымен, танымдық әрекетімен, ұшқыр қиялымен, этникалық ерекшелігімен, поэтикалық болмысымен қатар, тілдік деректерді тілдік тұлғамен және когнитивтік санамен (ұжыммен) сабақтастықта қарастыруымен ерекшеленеді. Осының нәтижесінде фразеологизмдерді этнотанымдық тұрғыдан зерттеу арқылы ұлттануға, елтануға, дүниетануға жол салғандығын көруге болады. «Тілдегі этнофразеологизмдер халықтың дүниетанымы, болмысы, салт-санасы, әдет-ғұрпы, рухани мәдениеті сол халықтың тіршілігінен, өмір сүрген ортасынан, менталитетінен, психологиясынан, әлеуметтік-саяси көзқарасынан мағлұмат беретін ұлттық құбылыс болып табылады. Тіл - мәдениеттің феномені, ұлт мәдениетінің көрінісі ретінде ғылымда өз дәрежесінде әлі де зерттелмей келеді. Тіл - рухани күш. Демек, тіл және семиотикалық таңбалар арқылы адам кез келген құбылысты қабылдап, оған баға беріп, өз көзқарасымен ойын білдіре алады» [3].

Лингвокогнитология ғылымындағы фразеологизмдердің танымдық мазмұнынан әлемнің тілдік бейнесіндегі ұлттық болмыс пен ұлттық ділді, әлем бейнесін таңбалаудағы фразеологизмдердің ерекшелігін көруге болады. Тілдегі фразеологизмдерден этнос дүниетанымының дамуы мен қалыптасуын, дүниенің санадағы бейнеленуін көрсетеді. Яғни фразеологизмдер арқылы ұлт дүниетанымындағы әлемнің поэтикалық бейнесін көруге болады. Бұл турасында профессор Н.Уали жатқан тұрақты сөз оралымдарының (мақал-мәтел, қанатты сөздер, фразеологиялық тіркестер т.б.) сан алуан сыры бар. Олай болатыны халық өзінің өткен дәуірлеріндегі наным-сенімін, түйсік-түсінігін, ой-қиялын, тыныс-тіршілігін аз сөздің аясына сыйдырып, әрі нәрлі, әрі әрлі етіп ерекше өрнектей білген. Фразеологизмдер халықтың өткені мен бүгінгісін жалғастырушы көпір іспетті. Көркем образды, терең мазмұнды сөз өрнектері әр ұлт тілінің ерекше көрінісі болып табылады. Мұндай сөз айшықтары жалпы халық тіліне айрықша реңк беріп, ұлттық характердің айқын белгісін көрсетеді» - деген пікірінен анық көруге болады [4].

Қазақ халқы дүниетанымының ерекшеліктерінің бір парасын тілдегі фразеологиялық бірліктердің танымдық болмысынан көруге болады. Бұған дәлел ретінде мәдени-қоғамдық орта мен ғылыми орта толық мойындаған қазақтар туралы арнайы зерттеу жүргізген Ф.Янушкевич: «Қазақтардың ойлау қабілеттілігінің кереметіне менің барған сайын көзім жетті. Сөз дегенде ағып тұр. Бұл жағынан оларды Батыс Азияның француздары деуге болады. Өзіне жоғарыдан менсінбей қарайтын халықтар арасынан бұл көшпенділердің де құрметті орын алатын кезі келеді» - деп, бұдан бір жарым ғасыр бұрын жазып қалдырғандығы мәлім. Айтулы ғалымды тамсандырған дүниенің бірі тілдегі тұрақты тіркестердің табиғаты мен қолданысы десек артық айтқандық болмас. Мәселен тілдегі *ауызы дуалы, сөзі уәлі; қазық қазып, ат байлау; үкім күту; жасықтан асықты айырып алу; кемпір жар-жар десе, аяғы зар-зарға ұласады; тілін безеп, жанын жалдау; қой егіз тапса, жусан басы айыр шығады*, т.б. деген тіркестер тұрақтылық сипатқа еніп, образды мәнде қолданыста жүргендігі этнос танымының ерекшелігін көрсетеді. Осы тұрғыдан келгенде фразеологизмдер адам санасындағы ойды суретті сөзбен (фразеологизм ретінде) жарыққа шығаруы дүниені танудағы танымдық әрекетінің нәтижесі ретінде қарастыруға болады. Яғни, тілдегі фразалық тіркестің толық концептісі оның когнитивтік семантикалық және ассоциациялық өрісі арқылы тануға болады. Демек, фразеологизмдердің когнитивтік семантикалық және ассоциациялық өрісінде пайда болған ақпараттық құрамында прагматикалық мағыналардың элементтері суреттеледі. Когнитивистика ғылымында адам когнициясына (танымдық әрекетіне) басты назар аударылады. Адамның танымдық әрекеті барысында оның көзіне түскен (нысанына іліккен) іс-әрекеттер ғана емес, олардың ментальдік мағыналық ішкі көріністері, моделдері, символдық түрлері зерттеледі. Сепир-Уорфтардың тұжырымдауы бойынша, дүниені өзінше жүйеленіп бөлінеді, яғни оны концептуализациялаудың өзіне

тән тәсілдері болады. Ақиқат дүниедегі заттарды, құбылыстарды, уақиғаларды белгілі бір концептілерге топтастырылады [5, 209].

Тілдегі сөздердің (концептілердің) уәжділігі атаудың номинативтік белгілеріне қатысты болады. Адам баласы дүниедегі заттар мен құбылыстарды фразеологиялық тұрғыдан атау үшін олардың белгілі бір қасиеттері мен сыртқы ерекшеліктері санасында суреттеліп образды түрде жасалады. Бұған қатысты профессор А.Салқынбай: «Таным болмыстың қай түрін маңызды деп бағаласа, сол номинативтік белгі арқылы атау жасалады» - деген, пікірі ойымызды дәлелдей түседі. Ғалымның аталған теориясына сәйкес фразеологизмдердің өзіндік номинативтік белгілерімен қатар, танымдық мағынасы болады [6, 90].

Ж.И.Исаева: «Дүниенің паремологиялық бейнесінің өзіндік ерекшелігі сол, онда төрт түлік мал, жан-жануар үй хайуанаттары әлемінен алынған образдар арқылы «Табиғат — Адам — Қоғам» триадасының құрамдас бөліктері аралық екі жақты, үш жақты, көп қырлы байланыстардың, дәлірек айтқанда, «Адам: Жануар» жүйесі мен «Адам: Адам» аралық қатыстылықтың жарыстырмалы сипаттамасы жасалады. Мәселен, қазақ халқы бура, айғыр, бұқа, кошқар және теке малдарын төрт түліктің басы деп қадірлейді. Қазақтың мифологиялық, фольклорлық, эстетикалық, қарабайыр дүние бейнелерінде олар билік жолындағы күрестің, жойқын күштің, ырыс-құттың символы» - деген, пікірін фразеологизмдердің табиғатына қатыстылығын байқауға болады. Жалпы тілдегі фразеологизмдер пен паремологиялық поэтикалық образды сөздер ретінде қарастырсақ олардың лингвистикалық ішкі иірімдері бір-біріне жақын болып келеді [7, 32].

Сонымен тілдегі фразеологизмдердің мағыналық астарында этностың танымдық әрекеттері мен дүниетанымдық болмысы бейнелі сөз орамдары арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын этнотанымдық құндылықтар жиынтығы. Әр ұлттың фразеологиялық бірліктерінде сол ұлттың бүкіл өмірі, тарихы, дүниетанымы, тыныс-тіршілігі, жан дүниесі, мәдениеті көрініс табады. Фразеологизмдерді когнитивтік аспектіде қарау арқылы таным бұлағы танымдық талшық иірімдерін анықтауға болады. Ғылымдағы тіл мен таным өзара сабақтас категориялар, себебі тіл арқылы адам дүниені таниды. Яғни, фразеологизмдер – этностың дүниетанымдық болмысы мен мәдени өмір сүру үлгілерінен хабардар ететін тілдік бірлік.

- 1 Кеңесбаева І. К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977.
- 2 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы, 1998. – 194 бет.
- 3 Хазимова Ә.Ж. Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық-мәдени деректері: Канд. дис. автореф. – Алматы, 2002. – 30 б.
- 4 Уәли Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы: Ғылым, 1997. – 169 б.
- 5 Сетир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. – М.: Прогресс, 1993. – 654 с.
- 6 Салқынбай А. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 267 б.
- 7 Исева Ж.И. Паремологиялық қордағы жан-жануарлар жүйесінің образдық-фондық жағдаяты // Абай ат. ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Филология» сериясы, №1(47), 2014 ж. – 32-36 бб.

Резюме

Жиренов С. А. КазНПУ им. Абая и.о. ассоциированный профессор кафедры казахский язык и литература, кандидат филологических наук

Лингвистические свойства фразеологизмов казахского языка

Фразеологические единицы лексической системы свойственны всем языкам мира. Фразеологизмы языков мира являются одним из показателей, определяющих национальные особенности каждого языка. Поэтому в целом фразеологизмы языка до сих пор является широко изучаемым разделом лингвистики. А фразеологизмы в лексической системе казахского языка и раздел фразеологии казахского языкознания – явление, которое всесторонне изучается наряду с мировыми фразеологическими науками. Фразеологизмы казахского языка – это категория, равная фразеологизмам системы мировых языков.

Фразеологизмы казахского языка по языковой природе и лингвистическом содержании значительно исследованная тема. Исследование фразеологии казахского языка связано с историей советского языкового знания и является важной частью на туркологическом уровне. На сегодня казахский язык он и есть (является) часть (частью) (field of) науки имеющая свою школу и свой путь и историю развития. Но фразеологизмы в лексической системе являются поэтически ценным образным богатством языка народов, где сохраняет свою значимость и не уменьшает свое значительное содержание и поэтическое могущество.

Ключевые слова: Лексическая система, языковое значение, переносное значение, когниция, фраза, идиома, фразеологическая единица, фразеологическое значение и т.д.